

Аз қамтылған азаматтарға тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерді төлеуге тұрғын үй көмегін ұсыну Ережелері туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихаттың 2004 жылғы 20 сәуірдегі N 3-6-3 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2004 жылғы 28 мамырда N 1272 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихатының 2012 жылғы 25 шілдедегі N 5-6-3 шешімі

Ескерту. Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау аудандық мәслихатының 2012.07.25 N 5-6-3 Шешімімен (жалпы ақпарат құралдарында алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 қарашадағы "Халықты әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгертулер енгізу туралы" N 477-1 ҚРЗ Заңының негізінде Айыртау аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Қоса беріліп отырған Аз қамтылған азаматтарға тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерді төлеуге тұрғын үй көмегін ұсыну Ережелері бекітілсін

2. Осы шешім әділет департаментінде тіркеуден өткеннен кейін және аудандық "Айыртауские зори" және "Айыртау таңы" газеттерінде жарияланған соң күшіне енеді.

Аудандық мәслихаттың кезектен тыс VI сессиясының

Аудандық мәслихаттың хатшысы

Айыртау аудандық мәслихатының
2004 жылғы 20 сәуірдегі
"Аз қамтылған азаматтарға тұрғын
үйді ұстауға және коммуналдық
қызметтерді төлеуге тұрғын
үй көмегін ұсыну Ережелері туралы"
N 3-6-3 шешімімен **БЕКІТІЛГЕН**

Аз қамтылған азаматтарға тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерді төлеуге тұрғын үй көмегін ұсыну ЕРЕЖЕЛЕРІ

1. Тұрғын үй көмегі - тұрғындардың аз қамтылған бөлігіне тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерге ақы төлеу жөніндегі шығындарды орнына толтыру үшін ұсынылатын жәрдемақы.

2. Тұрғын үй көмегі жәрдемақы тағайындалған кезде тұрақты тұратын және тұрғын үйдің меншік иесі (жалдаушы, жалға алушы) болып табылатын жеке тұлғаларға, егер де тұрғын үйді ұстау және коммуналдық қызметтерді тұтыну ақысының шығыны жанұя бюджетінде жәрдемақылық шаралармен қамтамасыздандырылатын тұрғын үй алаңы нормасының және коммуналдық қызметтерді тұтыну нормативтерінің шектеріндегі бұл мақсатқа жұмсалатын шығынның шекті мөлшерінен асып кетсе беріледі. Тұрғын үйді ұстау және коммуналдық қызметтерді тұтыну (сумен қамтамасыз ету, канализация, жылыту, электр қуаты, газ, қоқысты шығару, лифтіні пайдалану) ақысын төлеуге жұмсалатын шығынның шекті мөлшері жанұяның жиынтық табысының 30 % көлемінде белгіленеді.

3. Белгіленген нормадан жоғары тұрғын үйді ұстау және коммуналдық қызметтерді тұтыну ақысы жалпы негіздерде жүргізіледі.

4. Жеке меншігінде бір бірліктен артық тұрғын үйі (пәтері, үйі) бар немесе тұрғын жайды жалға беруші тұлғалар тұрғын үй көмегін алу құқығынан айырылады.

5. Егер жанұяда оқымайтын, әскери қызмет істеп жүрмеген, жұмыс істемейтін, жұмыспен қамту қызметінде тіркелмеген еңбекке жарамды тұлға болса, кемтарларды күтушілерден, өзін біреу күтуге мұқтаж деп танылғандардан, 1,5 жасқа дейінгі бала (біреу және одан да көп) тәрбиесімен шұғылданушылардан басқа, тұрғын үй көмегін алуға құқығы жоқ.

6. Бар қажетпен жабдықталған секторда тұратын тұлғаларға тұрғын үй көмегі ақшалай түрде беріледі және тұрғын үй көмегін алушылардың арыздары бойынша олардың Халықтық банктің Айыртау филиалында немесе пошта байланысының аудандық торабында ашылған жеке шоттарына аударылады. Тұрғын үй көмегінің мөлшері тұрғын үйге жеке коммуналдық қызметтерге есептелген нақты бағадан аса алмайды.

7. Тұрғын үй көмегі ағымдық тоқсанға тағайындалады. Көмек тағайындау үшін құжаттар ағымдағы тоқсанның соңғы айының 25 -не дейін қабылданады, табыстар өткен тоқсаннан есептелінеді. Тұрғын үй жәрдемақысын алушыларды қайта тіркеу ресімдеудің бастапқы процедурасына ұқсас.

8. Тұрғын үй көмегін алушылар өзінің тұрғын үйінің меншік түрінің, жанұя құрамының және оның жинақтық табысының кез-келген өзгерісі туралы, сондай-ақ жәрдемақыны дұрыс есептемеу жағдайы туралы 10 күн ішінде аудандық еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау бөліміне х а б а р л а у к е р е к .

9. Тұрғын үй көмегін тағайындау туралы шешім жанұяның барлық мүшелерінің жеке бастарын куәландыратын құжаттарын ұсынған кезде, тұрғын үйді жалдаушының (меншік иесінің) арызы және оған қосымша құжаттар: жанұя құрамы туралы, тұрғын үй меншігінің барлығы туралы, жылжымайтын мүлік жөніндегі орталық ұсынған тұрғын үйдің жалпы алаңының көлемі, тұрғын үйді ұстау және коммуналдық қызметтерді ұсыну ақысы бойынша шығындар, жанұяның жиынтық табысы туралы анықтамалар негізінде қабылданады.

10. Ақпараттың дұрыстығына күдік туған жағдайда, еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау бөлімі тұрғын үй көмегін алуға өтініш берген тұлғаның табысы туралы ақпарат сұрауға құқылы.

Тұрғын үй көмегін алуға өтініш берген пәтер иесінің (жалдаушының, жалға алушының) отбасындағы барлық іс-әрекетке қабілетті мөлшері, өздерінің табыстары туралы жеке және заңды тұлғалардан айқындаушы ақпарат алуға келісімдерін растайтын рұқсатқа қолдарын қоюлары тиіс.

11. Көмектің мөлшері өтемақылық шаралармен қамтамасыз етілетін нормалар шектеріндегі тұрғын үйді ұстау және коммуналдық қызметті тұтыну үшін меншік иесінің нақты төлемі мен отбасының осы мақсатқа жұмсалатын шығындарының ең жоғарғы шектеулі деңгейінің арасындағы айырмашылығы р е т і н д е е с е п т е л е д і .

12. Тұрғын үйді ұстау және коммуналдық қызмет төлеміне отбасының мүмкін шығындарының ең жоғарғы шектеулі үлесі, отбасының табысы, коммуналдық қызметке тарифтер мен нақты шығындар өзгерген жағдайда бұрынғы тағайындалған көмек қайта есептеледі. Тұрғын үй көмегін төлеу аудандық бюджет қаражатының есебінен жүзеге асырылады.

13. Еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау бөлімі тұрғын үй ұстауға және коммуналдық қызметтер үшін алдындағы үш айдың нақты шығындарын төлемегені үшін және біле тұра жалған құжаттарды берген азаматтарға тұрғын үй көмегін тағайындауды тоқтата тұруға және алып тастауға қ ұ қ ы л ы .

14. Меншік иесі немесе пәтердің меншік иелерінің біреуі қайтыс болған жағдайда, тұрғын үй көмегі меншік иесі қайтыс болған күннен бастап, ай бойы, мұрагерлік құқығы енгізілгенше, пәтерде тұратын олардың жанұяларының мүшелеріне тұрғын үй алаңының нормалары және коммуналдық қызметтерді тұтыну нормативтерінің шегінде тағайындалады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК